

2022 жылдың 20 қыркүйегінде «Нұркен Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектебімізде» қамқоршылық кеңесінің жиналысы өтті.

Жиналысты қамқоршылық кеңес төрайымы Башай Меруеш ашып, жиналысқа қатысушыларды күн тәртібі бойынша қаралатын мәселемен таныстырды.

Келесі сөзді мектеп директоры Баграмова Г. Т сөз алып, алдымызда атқарылатын жұмыс жоспармен таныстырып, қамқоршылық кеңесінің мақсат, міндеттеріне тоқталып өтті. Сондай-ақ, қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің жұмыстары мектептің оқу-тәрбие үдерісінің алға басуына мәселелерді шешуге атсалыса жұмыс жасайтындығын айтты.